

**Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің
«Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы»
РМҚК мен «Болат Өтемұратов қоры» жеке қорының
ынтымақтастығы туралы
МЕМОРАНДУМ**

1. Жалпы ережелер

Нұр-Сұлтан қаласы

2020 жылғы  сәуір

1. Осы ынтымақтастық туралы Меморандум (бұдан әрі - Меморандум) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК (бұдан әрі - Орталық) арасында, бір жағынан, директоры Шер Раиса Петровна атынан және бұдан әрі «Қор» деп аталатын «Болат Өтемұратов қоры» жеке қоры, директоры М.Т. Айтмағамбетов атынан, екінші жағынан, жеке «Тарап», ал бірлесіп «Тараптар» арасында жасалды.

Тараптар ғылыми сауаттылық қағидаттарын мойындай отырып, ынтымақтастық және балаларға тәлімгерлік, волонтерлік және т. б. салаларда қосымша білім берудің өлеуметтік-педагогикалық бағытын насихаттау мақсатында осы Меморандумға қол қояды.

2. Меморандум мәні

2. Осы Меморандумның мәні әріптестік қатынастарды орнату және осы Меморандумды іске асыруға бағытталған тараптардың ұзақ мерзімді, тиімді және өзара тиімді ынтымақтастығын дамыту болып табылады.

3. Тараптар осы Меморандумды іске асыру үдерісінде өз қызметін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырады.

3. Ынтымақтастық салалары

4. Осы Меморандумды орындау мақсатында Тараптар өзара ынтымақтастықтың мынадай салаларын айқындайды:

1) ұйымдастыру мен өткізуге ықпал ету;:

- өлеуметтік-педагогикалық бағыттағы балаларға қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын педагогтер мен бейіні бойынша мамандарға арналған біліктілікті арттыру курстарын;

- мектептегі өзін-өзі басқаруды дамыту бойынша вебинарларды;

2) әлеуметтік-педагогикалық, жобалау қызметі туралы ақпаратпен алмасу;

3) Тараптардың өкілдерін тарта отырып, мектептегі өзін-өзі басқаруды дамыту мәселелері бойынша конференцияларды, дөңгелек үстелдерді, семинарларды, байқаулар мен өзге де іс-шараларды ұйымдастыруға және өткізуге қатысу;

- Тараптар өткізетін тақырыптық іс-шаралар туралы, сондай-ақ Тараптардың бірі қатысатын үшінші тараптар өткізетін іс-шаралар туралы ақпаратпен алмасу;

- Тараптардың веб-сайттарында оқу-әдістемелік, ақпараттық және өзге де тақырыптық жұмыстарды, материалдарды орналастыру;

- Тараптармен келісілген ынтымақтастықтың басқа да түрлері.

4. Тараптардың өзара іс-қимылы

5. Осы Меморандум Орталық пен Қор арасындағы өзара іс-қимылдың базалық шарттарын айқындайды.

Бұдан әрі Тараптар шарттар мен қосымша келісімдер негізінде осы ынтымақтастықтың шеңберін кеңейтуге құқылы.

6. Орталық пен Қор қажеттілігіне қарай және келісім бойынша семинарлар, тренингтер, конференциялар және басқа да іс-шаралар түрлерін өткізуге қатысу үшін мамандарды, оның ішінде шетелдік сарапшыларды тарта алады.

7. Тараптар сауалнама және әлеуметтік өлшеулердің басқа да нысандарын ұйымдастыруда және жүргізуде қолдау көрсетеді.

8. Тараптар осы Меморандумның тармақтарын орындауға қатысты мәселелер бойынша Тараптардың кез келгеніне сұрау салуы бойынша консультациялар өткізеді.

9. Осы Меморандум декларативтік сипатқа ие, Тараптар арасындағы заңды құқықтар мен міндеттемелерді туындатпайды.

5. Меморандумды өзгерту және бұзу тәртібі

9. Осы Меморандумды өзгертуге, толықтыруға және бұзуға Тараптардың өзара келісімі бойынша жол беріледі.

10. Осы Меморандумға өзгерістер енгізетін құжатқа Тараптардың уәкілетті өкілдері қол қояды.

6. Қорытынды ережелер

11. Осы Меморандум оған екі Тараптар қол қойған күннен бастап күшіне енеді және екі Тарап оны екі жақты келісім бойынша немесе Тараптардың бірінің қалауы бойынша кемінде 30 күн бұрын екінші Тарапты алдын ала хабардар ете отырып, бұзған сәтке дейін қолданыста болады.

12. Меморандумның мәтіні мемлекеттік және орыс тілдерінде 2 (екі) данада, әрбір тарап үшін 1 (бір) данадан жасалды.

7. Тараптардың заңды мекенжайлары мен қолдары

Қазақстан Республикасы Білім «Болат Өтемұратов қоры»
және ғылым министрлігінің жеке қоры
«Республикалық қосымша білім
беру оқу-әдістемелік орталығы»
Республикалық мемлекеттік
қазыналық кәсіпорны
Қазақстан Республикасы,
Нұр-Сұлтан қаласы



Директор



Р. Шер

« 4 » _____ 2022 жыл

Директор



М.Т. Айтмагамбетов

« 4 » _____ 2022 жыл